



***2024 – 2025 оқу жылына арналған
педагог-логопедтің жылдық жұмыс жоспары***

Педагог– логопед: Даулетканова М.Е.

№	Атқарылатын іс – әрекеттер	Мерзімі	Әдіс – тәсілі
I. Ұйымдастыру бағыты			
1	Логопедиялық кабинетті сөйлеу тілінде және дауында кешігуі бар балалармен түзету – дамыту жұмыстарын жүргізуге сай етіп жабдықтау.	Қыркүйек	Көрнекі құралдар мен лексикалық, фонетикалық, грамматикалық көрнекі құралдарды даярлау.
2	Топтар бойынша барлық балалардың жалпы сөйлеу тіл дамуын, жалпы дене қимыл – қозғалыс дамуын, психикалық ой – өрісінің жетілу деңгейін тексеру.	Қыркүйек	Әңгіме, бақылау, сұрақ – жауап, зеттеу.
3	Сөйлеу тілінде және жалпы дамуында кешігуі бар балаларды тізімге алу.	Қыркүйек	
4	Сөйлеу тілінде және жалпы дамуында кешігуі бар тізімге алынған балаларды топтарға бөлу.	Қыркүйек	
5	Топтарға бөлінген балалармен жеке және топтық түзету – дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Жеке, топтық және жалпы топтық оқу қызметі
II. Құжаттармен жұмыс			
1	Сөйлеу тілінде және жалпы дамуында кешігуі бар топтарға бөлінген балалардың құжаттарын жабдықтау: Сөйлеу картасы, балалар тізімі, сөйлеу тілінің және жалпы түзелуінің даму көрсеткіштері.	Қыркүйек	Құжаттарды рәсімдеу.
2	2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын құру.		
3	Жеке және топтық оқу іс-әреке кестелерін құру.		

4	Әр топқа арналған тақырыптық – күнтізбелік жұмыс жоспарын құру.		
5	Балалардың оқу қызметіне қатысуын тіркейтін журнал арнау және уақытылы белгілеу.	Жыл бойы	
6	Логопедтің түзету – дамыту жұмыстары бойынша психологиялық – медициналық – педагогикалық консилиум отырыстарының хаттамаларын толтыру.	Жыл бойы	
7	Атқарылған түзету – дамыту және тәрбиелеу жұмыстарының есебін беру.	Қаңтар Мамыр	Есеп беру

III. Түзету және дамыту жұмыстары

1	Сөйлеу тілінде ауытқуы бар және жалпы дамуында кешігуі бар балалармен жеке және топтық жұмыстарды әдістемеге сай жүргізу.	Жыл бойы	Жеке және топтық жұмыстар
2	Түзете – дамыту жұмыстарына қажетті әдістемелік материалдар мен көрнекі құралдарды даярлау.	Жыл бойы	Іздену, дайындау, жабдықтау, көрнекілеу.
3	Логопедиялық жұмыстар барысында бұзылған дыбыстарды қоюға дайындық, машықтандыру, ажырата білу, қайталау, фонематикалық естуін, тыныс алу және дауыс – ырғақ жолдарын дамыту арқылы түзету.	Жыл бойы	Жеке дыбыстармен жұмыс.
4	Балалардың енжар және белсенді сөздік қорын дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, қойылған дыбыстарды бекіту.	Жыл бойы	Топтық және жалпы топтық жұмыстар.
5	Жалпы топтармен ойын түрінде мимикалық жаттығулар, саусақ моторикасын дамыту жаттығуларын, көңіл – күйді айқындайтын жаттығуларын,	Жыл бойы	Логопедиялық оқу қызметінен тыс жұмыстар.

	тілге және ерінге арналған жаттығуларын ұйымдастыру.		
6	Жаңылтпаштар, тақпақтар және қиын дыбыстар қатарын қайталау арқылы балалардың тіл қимылдарын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.	Жыл бойы	
7	Ертегі және әңгіме оқу арқылы сөз қорын арттырып, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.	Жыл бойы	

IV. Ұжыммен жұмыс

1	Балабақшаның ұжымдық кеңестеріне, семинарларға қатысу.	Жыл бойы	Педагогикалық кеңестер
2	Логопедиялық және жалпы түзету – дамытуды қажет ететін балалардың даму көрсеткіштерін бақылау	Жыл бойы	Кеңес беру
3	«Фонематикалық есту қабілетін дамыту» (ересек топ балалары үшін маңыздылығы).	Қазан	Тренинг.
4	«Қанекей, танысайық» (балаға жаңа үндер мен сөздер үйретіп, сөз түсінуін дамыту, өзі туралы қысқаша мәлімет айтуға үйрету, ортаңғы және 2-кіші топтарға маңыздылығы).	Қараша	Тренинг.
5	Түзету – дамыту жұмыстары бойынша психологиялық – педагогикалық- әлеуметтік консилиум отырыстарын өткізу.	Қажеттілік бойынша	Консилиум

V. Ата – аналармен жұмыс

1	Түзету – дамыту жұмыстарына алынған балалардың сөйлеу тілі және жалпы даму көрсеткішінің қорытындысын ата - аналарға таныстыру.	Үнемі.	Кеңес.
---	---	--------	--------

2	Балалар мен ата-аналар арасындағы бірлескен жұмыстар	Үнемі.	Бақылау
3	«Сөйлеу тілді дамыта отырып тәрбиелеу» (балаға дұрыс сөйлеуді үйрете отырып, тәрбиелі сөйлеуді үйрету).	Қыркүйек	Ата – аналар жиналысы. Тренинг.
4	«Ата-аналарға арналған сауалнама – Мамандықтар» (баланың сөз түсінуін дамыту, ата-ана өз мамандықтары туралы қысқаша мәлімет беріп, баламен сөйлесіп үйрету).	Ортаңғы топтар:	Ата – аналар жиналысы. Сауалнама, түсіндіру.
5	«Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады?» (ата-ана мен бала арасындағы тілдік қарым-қатынасты дұрыс орнатудың маңыздылығын түсіндіру).	Ересек топтар:	Ата – аналар жиналысы. Тренинг.

VI. Өз білімін жетілдіру

1	Арнайы әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау.	Үнемі	Әдістемелік кабинеттермен байланыс.
2	Балабақша ішілік педагогикалық кеңестерге қатысу.	Үнемі.	Педагогикалық кеңестер.
3	Облыстық логопед мамандар бірлестігінің логопедиялық семинарларына қатысу.	Шақырылу уақытына байланысты.	Семинарлар. Дөңгелек үстелдер.
4	Оқу жылының түзету – дамыту жұмыстары бойынша есеп беру.	Қаңтар Мамыр айы.	Есеп беру, баяндау.